

ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

ӘОЖ 811.512.122:378.096

Г.Х.Әбдірахманова

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Кредиттік жүйедегі қазақ тілін деңгейлеп оқыту тәжірибесінен

Мақала қазіргі таңдағы өзекті мәселелердің бірі болып табылатын, оқытудың көп деңгейлі жүйесіне арналған. Осы мақсатта деңгейлі оқытудың міндеттері, қағидалары мен ерекшеліктері қарастырылды. Мысал ретінде ҚарМУ-да арнайы қазақ тілі бойынша оқытудың 1,2 және 3 деңгейлеріне арналып жасалған оқу-әдістемелік кешендер салғастырылды. Нәтижесінде деңгейлеп оқытудың тиімділігі анықталды.

Кілтті сөздер: кредиттік жүйе, қазақ тілін оқыту, деңгейлеп оқыту, деңгейлеп оқыту тәжірибесі, тілдерді оқыту әдістемесі, лексикалық минимум, грамматикалық минимум.

Тілдерді оқытудың әдістемесі ғылымында оқытудың тиімділігін арттыру үшін көптеген жаңа бағыттар іздестіріліп, олардың қорытындысында сатылы деңгейлеп оқыту әдісі енгізілгені белгілі.

Қазір біздің университетте де осы әдістеме деңгейлеп оқыту деп енгізіліп, тәжірибеден өтуде.

Жалпы әдістемеші-ғалымдар бұл тәсілді үш, бес, тоғыз деңгей деп беріп жүр. Ал біз бүгінде кредиттік жүйедегі осы үш деңгейлі оқыту әдістемесімен химия факультеті студенттерін оқытып, тәжірибеден өткізудеміз.

Деңгейлеп оқытудың басты ерекшелігі — білім беру, оқыту, үйрету үрдісін топтап, жіктеп бөледі, әр деңгейдің өзінің лексикалық, грамматикалық минимумы болады, үйренушінің әрбір деңгейдегі білімін өзі бақылайды, оқу материалдары бір деңгейден екінші деңгейге қарай күрделі болып, яғни қарапайымнан күрделіге қарай өтіп, отырады [1].

Деңгейлеп оқытудың негізгі принципі — тілдік материалдарды кәдімгі өмір шындығындағы жағдайлардың негізінде ұйымдастырып қолдану.

Тілді кәсіби ептілікке үйрету бағытындағы жүйе 0-ден жоғары деңгейге дейін белгіленеді.

Ал біздің тәжірибемізде ол сөйлеу деңгейін анықтай отырып топталады. Өйткені біздің студенттер — мектеп табалдырығында қазақ тілін оқып, арнайы бағдарлама бойынша үйреніп келгендер. Сондықтан біз алдымен 1-курс студенттерін тест және сөйлесім арқылы тексеріп, соның нәтижесі бойынша үш деңгейге бөлеміз.

Бірінші деңгей студенттерінің сөздік қоры аз. Сұрақтарға қысқа жауап береді. Жай сөйлем құрай алады. Сөйлем құрағанда оңай сөздерді қолданады. Түсінеді. Жауап беруде қиналады. Сұрақ қою үшін көп ойланады. Ерекше дыбыстарды дұрыс айта алмайды. Жазуда қателер жібереді.

Екінші деңгей студенттері өзі білетін тақырыптар бойынша сұрақтарға жауап береді. Сөздік қоры біршама бар. Қарапайым сұрақтарға еркін жауап береді. Түсінуі жақсы, бірақ ойын жеткізу үшін қиналады. Өзі, отбасы және достары туралы қысқаша айта алады. Олар жөніндегі сұрақтарға жауап береді. Грамматикадан біршама хабары бар. Жазуда қате жібермеуге тырысады.

Үшінші деңгей студенттері — бұл топқа көбінесе орыс тілді қазақ студенттері кіреді. Сонымен қатар мектепте қазақ тілін жақсы меңгерген студенттер осы топқа бөлінеді. Олар өзара сұхбаттаса алады. Сұрақтарға еркін жауап береді. Дыбыстауда қателесуі мүмкін. Жақсы түсінеді. Грамматиканы біршама жақсы меңгерген. Өз ойын толық жеткізуге тырысады, бірақ кейде қателеседі. Тез сөйлеуге сенімсіз. Қарапайым сөздермен қатар күрделі сөздер мен сөз тіркестерін пайдаланып, асықпай сөйлеуге тырысады.

Жалпы деңгейлеп оқыту тілді қалай меңгергенін анықтап отыруға мүмкіндік береді.

Ғалым Қ.Қадашева деңгейлер арасындағы критерийді (белгіні) былай көрсетеді [1]:

1. Деңгейлер бір-бірінен жекеленбейді, тілдік «бөліктер», олар бір-біріне өте жақын байланыста болады.

2. Деңгей бойынша оқытудың ең негізгі бағыты — дайын үлгідегі жекелеген сөздер мен сөз тіркестері арқылы ойын айтудан бастап, өзі мәтін құрып, өз сөзімен белгілі бір тақырыпты кеңейтіп, дамытып айтуға дейін жеткізу.

3. Деңгейлік оқытудың негізінде үнемі сөйлеу іс-әрекетінің төрт түрі анықталады. Тыңдау — сөздік қордың алғашқы қадамы, құпиясын ашатын кілті. Тыңдау бірінші деңгейден бастап-ақ іске асуы керек. Тыңдауға арналған мәтіндер үйренушінің қабілетіне қарай ұсынылуы керек. Ғалымдар бастауыш деңгейдің барлық сатыларында оқу мен жазуды кейінге қалдырады.

4. Деңгейлік оқытуда интервью алу, ақпарат беру, прагматикалық төрт сәйкестік: ой, грамматика, пайымдау, сөзді қолдануға төселдіру қарастырылады.

5. Білімін бағалау баллдық жүйемен жүзеге асырылады.

6. Тілді үйрету деңгейі спиральді түрде жүзеге асады.

7. Деңгейдің негізгі белгілерінің бірі — жандандыру, яғни көрнекілік, оқу материалдарын меңгеру, оқу мен тәрбиенің бірлігі және жүйелілік пен жалғастықты үнемі қолдану. Фонетикалық минимум, коммуникативтік минимум, грамматикалық минимум, етістік минимум, лексикалық минимум және оның сыртында ең қажетті міндетті іс (функция), контекст, тақырып немесе мазмұн, сөйлеудің дұрыстығы мен мәтін типтері.

Біздің тәжірибемізде кредиттік жүйедегі деңгейлеп оқыту үшін арнайы оқу-әдістемелік кешендер дайындалды. Бұл кешендер әр деңгейге қойылатын талаптарды ескере отырып, студенттердің сол деңгейдегі сөйлесімін ескере отырып жасалды.

Химия факультетіндегі оқу-әдістемелік кешенді жасау барысында кәсіби бағытқа көп көңіл бөлгенімізді айта кеткен жөн. Әр деңгейдегі сабақтарды мультимедиялық сабақ түрінде өткізу де өте қолайлы. Мысалы, кредиттік оқыту жүйесіндегі тілді деңгейлеп үйретудің химия факультетіндегі сабақ үлгілерін қарастырайық.

І-деңгей.

Тақырып: Қарым-қатынас мәдениеті. Танысу. Отбасы. Туыстық атаулар [2].

Грамматика: қазақ тілінің грамматикалық ерекшеліктері, сұраулық шылаулар, сұрау есімдіктері, сұраулық сөйлем, дыбыстардың жіктелуі, тәуелдік форма.

Сұхбат-мәтін.

Танысу.

Лексикалық минимум. Сәлем! Сәлеметсің бе? Сәлеметсіз бе? Амансыз ба? Амансың ба? Ассалаумағалейкум, уағалейкумассалам, ат, есім, аты-жөні, мекенжайы, көшесі, ықшам ауданы, жұмыс орны, телефон нөмірі, ұялы телефон, ғимарат, СОӨЖ, сабақ кестесі, ауысым. Қайырлы таң! Қайырлы күн! Қайырлы кеш! Кеш жарық! Қайырлы түн!

I. — Сәлем! (Қайырлы таң!)

— Халің қалай?

— **Мына кісі** кім?

— Бұл менің досым.

II. Танысу.

— Танысып қояйық, менің атым — Баян.

— Мен Динарамын.

— Танысқанымға қуаныштымын.

— Сен қайда оқисың?

— Мен мектепте оқимын.

— Мен Қарағанды мемлекеттік университетінде оқимын.

— Өте жақсы.

III. Қайда оқисың?

— Амансың ба, Айнаш?

— Хал қалай, Айнұр?

— Сен осында оқисың ба?

— Иә, мен химия факультетіне оқуға түстім.

— Тамаша. Мен қуаныштымын.

VI. Сабақ кестесі.

- Сәуле, сабақ кестесін қайдан көруге болады?
- Сабақ кестесі 3-қабатта, деканаттың жанында ілулі тұр.
- Мен жазып алайын.


V. — Жадыра, мен сабақ кестесін алдым. Аптасына алты күн оқимыз.

- Қай ауысымда оқисың?
- Таңертеңнен түске дейін.
- Сабақ нешеде басталады?
- Сағат 8³⁰-да басталады.
- Қай ғимаратта оқисыңдар?
- Бас ғимаратта.
- Қазақ тілі аптасына неше рет болады?
- Алты рет. Үш сабақ және үш СОӨЖ.
- Қандай жақсы!

VI. Ертеңгі сабақ.

- Ертең қандай сабақтар болады?
- Ертең бірінші сабақ — Қазақстан тарихы.
- Ағылшын тілі бар ма?
- Жоқ, ағылшын тілі жұма күні болады.
- Ертең қазақ тілі және менеджмент пәндері болады.

Тапсырмалар:

1.  Сұхбатты ұнтаспадан тыңдаңыз.
2. Біліп алыңыз:

Ер адамдар бір-бірімен «Ассалаумағалейкум» деп амандасады. Бұл сөз «Сізге Алланың нұры жаусын» деген мағынаны білдіреді. Бұған «Уағалейкумассалам» деп жауап береді, оның мағынасы — «Сізге де Алланың нұры жаусын».

3. Сұрақтарға жауап беріңіз.
 - Сіздің (досыңыздың) аты-жөніңіз кім?
 - Сіз (досыңыз) қайда тұрасыз?
 - Сіздің (досыңыздың) мекенжайыңыз қандай?
 - Үй телефоны (ұялы телефон) бар ма?
 - Оқу орнының мекенжайы қандай?
4. Кестеге таныстарыңыз туралы жазыңыз.

Р/с №	Аты-жөні	Мекенжайы	Үй телефоны	Оқу орны	Оқу орнының мекенжайы	Жұмыс орны	Жұмыс орнының мекенжайы	Ұялы телефоны
1								
2								
3								

5. Сіз Астана қаласына конференцияға келдіңіз. Қонақ үйдегі бөлмелес адаммен танысыңыз.
6. Сұхбаттарды жатқа біліңіз.


Менің отбасым

Лексикалық минимум: отбасы, ата, әже, әке, ана, шеше, ата-ана, аға, жеңге, сіңілі, әпке, жезде, қарындас, іні.

Біз Қарағанды қаласында тұрамыз. Біздің отбасымыз үлкен. Менің атам, әжем және әке-шешем бар. Атам 65 жаста. Әжем 62 жаста. Атамның аты — Есен. Әжемнің аты — Зере. Олар зейнеткерлер. Ал әкем — Қанат, шешем — Гүлнәр. Әкем осы қалада кенші. Шешем — дәрігер. Менің екі ағам, әпкем және қарындасым бар. Үлкен ағам Серік үйленген. Ол — экономист. Жеңгем Сәуле — есепші. Екінші ағам — студент. Ол Алматыда оқиды. Ал әпкем Әлия мен жездем Мақсат Теміртауда тұрады.

Олар Тұран Әлем банкісінде жұмыс істейді. Қарындасым Әсел мектепте 10-сыныпта оқиды. Мен Қарағанды мемлекеттік университетінің экономика факультетінде оқимын.

Тапсырмалар:

1.  Мәтінді тыңдаңыз.
2. Мәтінді мәнерлеп оқыңыз.
3. Төмендегі сөздердің оқылымына, айтылымына, жазылымына көңіл аударыңыз: *әже, әке, аға, жеңге, әпке, сіңілі, қарындас, іні*.
4. Сызбаны пайдаланып, досыңыздың отбасы туралы әңгімелеңіз.
5. Еске түсіріңіз. Тәуелдік жалғау.

Сөздің жекеше түрде тәуелденуі				
Сөздің соңғы дыбысы	Дауысты дыбыс болса		Дауыссыз дыбыс болса	
Жақ				
1. Менің	(-м) балам	(-м) әкем	(-ым) досым	(-ім) үйім
2. Сенің	(-ң) балаң	(-ң) әкең	(-ың) досың	(-ің) үйің
2. Сіздің	(-ңыз) балаңыз	(-ңіз) әкеңіз	(-ыңыз) досыңыз	(-іңіз) үйіңіз
3. Оның	(-сы) баласы	(-сі) әкесі	(-ы) досы	(-і) үйі
4. Буын	Жуан	Жіңішке	Жуан	Жіңішке

6. Сұхбатты толықтырып, жалғастырыңыз.
 - Әсем, сенің отбасың шағын ба?
 - Жоқ, _____ отбасым _____ емес, _____.
 - Әсем, _____ атаң бар ма?
 - Иә, менің _____ бар. _____ зейнеткер.
 - Сенің _____ бар ма?
 - Жоқ, менің _____ жоқ.
7. Көп нүктенің орнына өз туыстарыңыздың есімдерін жазыңыз:
 ... — әпкемнің үлкен ұлы..... — әпкемнің қыздары.... — ағамның кіші қызы.... — ағамның ұлы.... — інімнің қызы.... — інімнің ұлы.
8. Бейнетаспадағы отбасы туралы жазыңыз және ауызша әңгімелеңіз.
9. Ситуациялық ойынды дамыт. Сенің досың Мәскеуден келді. Досың құрбыларыңмен отбасында отыр. Танысыңыздар.

II-деңгей.

Тақырып: Менің отбасым. Туыстық атаулар. Визиттік карточка [3].

Грамматика: Қазақ тілінің грамматикалық ерекшеліктері, сұраулық шылаулар, сұрау есімдіктері, сұраулы сөйлем, тәуелдік жалғау.

Мәтін:

Қарым-қатынас — белгілі бір әлеуметтік ортадағы адамдардың өзара түсіністігінен туындайтын күрделі қоғамдық үрдіс. Қарым-қатынастың жүзеге асуының бірнеше жолдары бар. Соның ішінде тілдік қатынастың орны ерекше. Адам қарым-қатынасындағы ерекше орын алатын сәлемдесудің өз әдебі, жөн-жосығы бар. Қазақ дәстүрінде сәлемдесудің бірнеше түрі қалыптасқан. Мәселен, жасы кішілер үлкендермен, ақсақалдармен кездескенде әдетте «ассалаумағалейкум» деп қол алысады. Оған жауап, яғни сәлемді қабылдау ретінде, «уағалейкумассалам» сөзі қолданылады.

«Ассалаумағалейкум» — Ей, бауырым! Бейбітшілік, тыныштық, сенім, бақыт, көркем суретте болған әр нәрсе сенікі болсын дегені. «Уағалейкумассалам» — өзіңізге де тыныштық, бақыт болсын дегені.

«Сәлем» сөзі негізінен арабша, бой ұсынушылықты, бейбітшілікті, сенімді баяндайтын мағынадан тұрады. «Сәлем» — адамдар арасындағы қарым-қатынасты, достықты, адалдықты

арттыратын құралдың бірі. Сәлем — алғанның да, сәлем бергеннің де қауіпсіздікте болатындығының кепілі.


Көптен кездеспеген ағайын-туыс, аға-іні, құда-жекжат, дос-жаран құшақтасып амандасады.


Менің отбасым

Біздің отбасымыз онша үлкен емес. Отбасымызда жеті адам бар. Олар: атам, әжем, әкем, шешем, апам, ағам, қарындасым және мен.

Менің әкем Қарағанды қаласындағы Диагностикалық орталықта дәрігер. Шешем — № 23 мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі. Әпкем — техникумда оқытушы. Ол әлі тұрмыс құрған жоқ. Ағам жұмыс істейді. Ол — Теміртауда металлургия зауытында бас есепші. Ағам үйленген. Жеңгем Халық банкінде менеджер болып қызмет атқарады. Қарындасым Жайна мектепте 9-сыныпта оқиды. Ағамның екі баласы бар — Қанат және Самат. Олар да мектепте оқиды. Мен Қарағанды мемлекеттік университетінде химия мамандығында оқимын. Менің атам және әжем ауылда тұрады. Олар бірнеше жылдан бері зейнеткерлер. Менің басқа да туыстарым көп.

Тапсырмалар:

1. Жаңа сөздерді оқып, есте сақтаңыз, жазып алыңыз: *орталық, әлі, тұрмыс құрған жоқ, үйленген, бас есепші, туыстарым, бірнеше жылдан бері.*
2.  Мәтінді тыңдаңыз.
3. Мәтінді мәнерлеп оқыңыз.
4. Мәтін бойынша сұрақтар құрастырыңыз.
5. Мына сөздерге фонетикалық талдау жасаңыз: *дәрігер, мұғалім, есепші.*
6. Тәуелдік формадағы сөздерді теріп жазыңыз.
7. Досыңызбен отбасы туралы сұхбат құрыңыз.
8. Берілген сөздердің сыңарларын табыңыз.



9. Сұхбатты оқыңыз, аударыңыз. Онда не туралы айтылған?
 - Апа, қазақта «Әр адамның үш жұрты бар», — дейді ғой. Ол не деген сөз?
 - Үш жұрт деген: бірінші — өз жұрты (әкеңнің туыстары), екінші — нағашыларың (анаңның туыстары), үшінші — қайын жұрт (болашақ әйеліңнің туыстары немесе қыз балаға — күйеуінің туыстары).
 - Енді түсіндім. Рахмет.
10. Отбасы туралы және туысыңыздың үш жұрты туралы толық әңгімелеп беріңіз.
11. Досыңызға өзіңіз, отбасыңыз туралы хат жазыңыз.

Нәтиже АРТ

«Нәтиже АРТ» шығармашылық тобы

Тойбекова Асыл

Өндіріс және өткізу менеджері

тел/факс: 8 (7212) 43 29 41

үй тел. 8 (7212) 50 99 22

e-mail: APT groope@top mail. kz

12. Төмендегі визиткамен танысыңыз. Өзіңіздің визитқаңызды дайындаңыз.

III-деңгей.

Тақырып: Қарым-қатынас мәдениеті. Отбасы. Туыскандық. Достық. Жолдастық [4].

Грамматика: Сын есімдер. Антоним. Омоним. Синоним

Мәтін: Қарым-қатынас мәдениеті. Достық. Жолдастық


Халқымыздың дамуында, халық болып қалыптасуында қарым-қатынас мәдениетінің алатын орны ерекше. Қарым-қатынас — белгілі бір әлеуметтік ортадағы адамдардың өзара түсіністігінен туындайтын күрделі қоғамдық үрдіс. Қарым-қатынастың жүзеге асуының бірнеше жолдары бар. Соның ішінде тілдік қатынастың орны ерекше. Себебі адамдар бірінің айтқан сөзін екіншісі жай білу ғана емес, олар бір-бірімен түсінісу үшін қарым-қатынастық бірлікке ұмтылады. Адам қарым-қатынасындағы ерекше орын алатын сәлемдесудің өз әдебі, жөн-жосығы бар. Әр халықтың сәлемдесу үрдісінде өзіндік ерекшеліктері болады. Мысалы, айн халқы /Хоккайда аралында тұратын халық/ бір-бірінің құлағынан ұстап амандасса, самоастар бір-бірінің беттерін иіскеу арқылы сәлемдеседі. Сонымен қатар лаонга қауымы қол соғу арқылы, үнділер екі алақанын біріктіріп, бас ию арқылы амандасады. Осының бәрі әрбір ұлт мәдениетінің ерекшелігін көрсетеді.

Мәтін. Отбасы және менің туыстарым (күрделі мәтін беріледі).

Мәтін. «Дос», «жолдас» ұғымдары (толық беріледі) [5].

Тапсырмалар:

1. Жаңа сөздерді оқып, есте сақтаңыз, жазып алыңыз: *әлеуметтік, түсіністік, әдеп, ақсақал, бейбітшілік, орталық, әлі, тұрмыс құрған жоқ, үйленген, бас есепші, туыстарым, бірнеше жылдан бері.*
2. Мәтінді тыңдаңыз.
3. Мәтінді мәнерлеп оқыңыз.
4. Досыңызбен қарым-қатынас мәдениеті, отбасы туралы сұхбат құрыңыз.
5. «Дос», «жолдас» ұғымдары мәтінін оқып, пікіріңізді айтыңыз. Өзіңіздің досыңыздың жақсы қасиеттеріне тоқталыңыз.
6. Мына сөздердің қандай баламасы бар? Жазыңыз.
Ана — Ата-ана — Тұрмысқа шығу —
Әпке — Туыскан — Жұмыс істеу —
Бөбек — Үй иесі — Туылды —
7. Отбасы мүшелерінің жағымды, жағымсыз мінездерін сипаттайтын сын есімдерді топтап, екіге бөліңіз.
8. Мына кестеге туыстық атауларды толтырыңыз.



9. Мына сөздердің сөздіктен аудармасын табыңыз: *немере, келін, жеңге, жиен, тума, ағайын, күйеу бала, балдыз, құда, құдағи, нағашы ана, нағашы аға* т.б.

10. Төмендегі нұсқаны пайдаланып, «Кім жақын? Не қымбат? Не қиын?» Қазыбек бидің жауаптарын айтып көріңіз. Мына сөйлемдердің екінші сынарларын табыңыз:

«Кім жақын?»

- Тату болса — 1) Апайың жақын
 2) Ағайын жақын
 3) Досың жақын
Ақылды болса — 1) Інің жақын

- 2) Туысың жақын
3) Нағашың жақын
- Сыйлас болса — 1) Шөберең жақын
2) Келінің жақын
3) Нағашың жақын
- Өз ұрпағың — 1) Шөберең жақын
2) Досың жақын
3) Әйелің жақын

«Не қымбат?»

- Алтын ұяң — 1) Атаң қымбат
2) Анаң қымбат
3) Елің қымбат
- Мейірімді — 1) Апаң
2) Атаң
3) Жерің
- Туып-өскен — 1) Жерің
2) Атаң
3) Елің

«Не қиын?»

- Таусылмайтын — 1) Сөз
2) Дау
3) Дерт
- Өзің түскен — 1) Серт
2) Жау
3) Дерт
- Жазылмаса — 1) Серт
2) Дерт
3) Дау

11. Сіз өзіңіздің жеті атаңызды білесіз бе? Олардың атын үлгіге қарап жазыңыз: **бала, әке, ата, арғы ата, баба, түп ата, тек ата.**

Осы үш деңгейдегі оқытуды салыстырып қарастырсақ, әр деңгейдің принциптерін сақтай отырып, берілетін сөздердің күрделілігіне, сұхбаттардың шағындығына, ұзақтығына, мәтіннің құрылымына ерекше көңіл бөліп отыру керек.

Жоғарыдағы үлгіде бірінші деңгейде шағын сұхбаттар алынып, студенттердің сөйлесімін жеңілдетуге тырыстық. Сонымен қатар берілген мәтіннің сөздері оңай айтылатын, сөйлемдері қарапайым. Екінші деңгей мәтіні одан күрделірек. Үшінші деңгейде әдеби сөздерді көбірек қолдануға тырыстық.

Мысалы, бірінші деңгей — шағын сұхбаттар, берілген тапсырмалары жеңіл.

Екінші деңгейде, мысалы, туыстық атауларға мына сөздер алынған: *ата, әже, әке, бала, ана, шеше, ата-ана, аға, жеңге, сіңілі, әпке, жезде, қарындас, іні, бауыр* т.б.

Үшінші деңгейде осы сөздермен қатар: *немере, жиен, ағайын, тума, келін, күйеубала, балдыз, құда, құдағи, нағашы аға, нағашы ана* т.б. сөздері қоса берілген. Сол сияқты жеті ата, Қазыбек бидің шешендік сөздерінен мысалдар келтірілген.

Осы сияқты әр деңгейдегі сәлемдесудің түрлері жеңілден күрделіге қарай дамып отырады. Тапсырмалар да сұхбаттар мен мәтіндерге байланысты және қосымша сөйлету мақсатында беріледі.

Бұл сабақтарда орындалған жұмыстардан басқа оқу-әдістемелік кешендегі (ОӘК) тақырыптарға сай қосымша студенттердің оқытушымен бірге орындайтын тапсырмалары беріледі (СОӘЖ). Сол сияқты осы тақырыптар бойынша студенттер өздік жұмыстар орындайды (СӨЖ). Аралық бақылау тестік тапсырмалар арқылы жүргізіледі. Бұл тапсырмалар әр деңгейге арналып бөлек жасалады. Ал қорытынды білімді бақылау оқытудың төрт әрекеті — жазылым, оқылым, тыңдалым, сөйлесім арқылы ауызша формада болады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Қадаиева Қ.Қ.* Қазақ тілі: оқытудың тиімді әдістемелері. — Алматы: ҚазМЗА, 2000. — 167 б.
- 2 *Айтбаева Б.М., Әбдірахманова Г.Х.* Қазақ тілі ОӘК. Бастапқы деңгей. — Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2008. — 101-б.
- 3 *Айтбаева Б.М., Әбдірахманова Г.Х.* Қазақ тілі ОӘК. Орта деңгей. — Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2008. — 102-б.
- 4 *Айтбаева Б.М., Әбдірахманова Г.Х.* Қазақ тілі ОӘК. Жоғары деңгей. — Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2008. — 116-б.
- 5 *Мырзабаев А.Б.* Оқушылар шығармашылығын дамыту. — Қарағанды: Санат, 2002. — 192-б.

Г.Х.Абдрахманова

Из опыта многоуровневого обучения казахскому языку по кредитной системе

Статья посвящена одной из актуальных проблем сегодняшнего дня — многоуровневой системе обучения. Рассматриваются задачи, принципы и особенности уровневой обучения. В качестве примеров автор сопоставляет учебно-методические комплексы по казахскому языку, специально разработанные в КарГУ для 1, 2 и 3 уровней обучения. В результате определяется эффективность уровневой системы обучения.

G.Kh.Abdrakhmanova

From experience of multilevel Kazakh language teaching in the credit system

Article is devoted to one of the most pressing issues of our day — tiered system of education. According to this purpose, the objectives, principles and some features of tier education. As an example, in the article the educational-methodical complexes on the Kazakh language are being compared, they are specially designed in KSU for the 1st, 2nd and 3d levels of learning. As the result, the effectiveness of tiered system of education is determined.